

Сайлан Б.С., Текеев А.И. // ҚазМемҚызПУ Хабаршысы. «Тарих» сериясы. – Алматы, 2014. - №4. – (52). – 75-80 бб.

¹Болат Сайлан , ²Ақарыс Текеев Исаханұлы

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д., Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылуы және дамуы.

Жетпіс жыл үстемдігін орнатып келген Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары армия қиын кезеңді бастан өткерді. Ал бүгінде тарих үшін қасқағым сәт саналатын 20 жылда заман талабына сай әскерімізді қалыптастырдық деп айтуға толық негіз бар. Мемлекеттік саясаттың әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы алғашқы қадамдарының бірі ҚР Президентінің 1991 жылғы 25 қазандағы «Қазақ КСР-і Мемлекеттік қорғаныс комитетін құру туралы» Жарлығы болды. 16 желтоқсанда ҚР-ның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң қабылданып, ол «Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын күзету мақсатында өз Қарулы Күштерін құруға құқылы» деп анықтады. Осылайша өзінің дербес армиясын құруға заңды құқығын ҚР 1992 жылғы 7 мамырда Президенттің «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлығы шығуымен іске асырды.

Түйін сөздер: Қазақстан Қарулы Күштері, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Әскери доктрина, НАТО, Қауіпсіздік кеңесі

Создания и развития Вооруженные Силы Казахстана

Верховенство который установил 70 лет распада Советского Союза, в годы когда Казахстан принял Независимость армия прошел через трудные времена. На сегодняшнее на 20 летию по современному требованию можно сказать что мы полностью сформировали нашу армию. В отрасли Государственной политики обеспечение армейской безопасности впервые вышел указ Президента РК 1991 года 25 октября «Об образовании Государственного комитета обороны Казахской ССР». 16 декабря был принят Закон “О государственной независимости Республики Казахстан”, он был обнаружен как «Республика Казахстан обязан построить свою Независимость и территориальную целостность в целях Вооруженных сил ». Таким образом в своей персональной армии в праве создать Президент РК 1992 году 7 мая осуществил Указ об «Создание и развитие Вооруженных Сил Республики Казахстана».

Ключевые слова: Вооруженный силы Казахстана, Стран Независимых Государств, Военная доктрина, НАТО, Совет безопасности

Creation and development of the Armed Forces of Kazakhstan .

Annotation: Which established the rule of 70 years disintegration of the Soviet Union in the years when Kazakhstan took Independence Army went through difficult times. At today's 20 th anniversary in modern demand

We can say that we are fully formed our army. In the field of State policy to ensure the safety of the army for the first time issued a decree of the President of the Republic of Kazakhstan 25 October 1991 "On the Establishment of the State Defense Committee of the Kazakh SSR ." December 16 was adopted the Law " On the State Independence of the Republic of Kazakhstan " , he was discovered as " The Republic of Kazakhstan is obliged to build their independence and territorial integrity of the purpose of the Armed Forces." Thus in his personal army the right to create a Kazakh President 1992 May 7 implemented Decree on "Creation and development of the Armed Forces of the Republic of Kazakhstan."

Keywords: armed forces of Kazakhstan , State of independence, the Military Doctrine , NATO, Security Council

Қарулы Күштер құрылысының бастапқы кезеңіндегі аса маңызды проблема ел Армиясының нормативтік-құқықтық негізін құру болды. 1993 жылғы ақпанда ҚР-ның алғашқы Әскери доктринасы қабылданды. Онда Қазақстанның, егер оның өзі немесе одақтастары қарулы агрессия объектісіне айналмаса, қандай да бір мемлекетке қарсы әскери іс-қимылдарды ешқашан, ешқандай жағдайда да бірінші болып бастамайтындығы көрсетілді. Доктринада біздің Республиканың ешкімге қауіп төндірмейтіндігі, барлық мемлекеттермен қарым-қатынасты қауіпсіздік мүддесін өзара ескеру негізінде құруға әзір екендігі, әскери үстемдікке де ұмтылмайтындығы атап көрсетілді [1].

Ант, жарғы, әскери доктрина, идеология, қамтамасыз ету жүйесі, елдің алғашқы әскери басшылығы құрылды, әскери кадрларды даярлау базасы, командалық құрамды тағайындау сияқты мәселелердің барлығын келешек үшін заманауи тұрғыда шешу қажет болды. Әскери ведомствоға бюджет қаржыларының әскерлер қолындағы қару-жарақтар мен әскери техниканы жауынгерлік дайындықта ұстап тұруға ғана жететіндей аз ғана бөлігі бөлінді. 1993 жылы еліміздің әскери бюджетінебәрі 8 млрд. теңгені құрады [2].

Түрлі өзгерістерге байланысты екінші әскери доктрина 2000-жылы қабылданды. Осы Әскери доктрина әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған 1993 жылғы Әскери доктринаның негізінде, әрі оны дамыта отырып әзірленді. Жаңа Әскери доктринаны қабылдаудың қажеттілігі қоғамдық өмірде, соның ішінде әскери салада жаңа ұлттық мүдделердің қалыптасуымен байланысты. Осы Әскери доктрина әскери салада 1999-2005 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігі стратегиясының негізгі ережелерін нақтылады және мемлекеттік шекара шебінде Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, агрессия жасалған жағдайда елдің қорғанысын ұйымдастыруға, сондай-ақ ұжымдық әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі одақтас мемлекеттермен бірлескен күш жігерді үйлестіруге бағытталды [3].

Қазақстан армиясының құрылуы жайлы сөз қозғағанда Президент Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегіне тоқталуымыз қажет. Жоғарғы бас қолбасшы ретінде Н.Ә.Назарбаев армия құрыларда «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында: «Менің әскери мәселелерге тоқталуым тегін емес. Бәрінен бұрын осы әскери-техникалық және әскери-стратегиялық салада қоғамның, мемлекеттің, экономиканың, тіпті, тұтас қоғамдық-саяси жүйелердің шын қауқары анық көрінеді», деп жазған болатын [4, 26-б]. Президент елдің Қарулы Күштерінің қалыптасуына белсене араласып, оны заман талаптарына сай жоғары сапада жетілдіру мәселесін қолға алды. Бұл туралы Халық Қаһарманы С.Нұрмағамбетов өз еңбегінде: «Елбасының Қарулы Күштерді құру туралы Жарлығы шыққаннан кейін ұйымдасып, қажырлы еңбектену қажет болды. Біз әскерлер арасында үлкен түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Президент барлық үлкен гарнизондарда болып, әскери бөлімдер басшыларымен, жеке құраммен және олардың

отбасыларымен кездесті, сондай-ақ, олардың оқу-жаттығуларына да қатысты. Елбасы жас мемлекеттің қорғаныс саласының тағдырына қатысты: «Ешкім сендерге тимейді. Сендер басқарып отырған орындарында боласыздар. Қаржыландыруды біз қамтамасыз етеміз. Ескертемін, бірақ бірде-бір «ине» жоғалмайтын болсын», – деп жазды [5, 1-2 бб].

Халықаралық қауіпсіздік пен мемлекеттер қауіпсіздігі дүниежүзілік қоғамдастықтағы мемлекеттердің сыртқы саяси қызметіндегі ең басты бағыт болып отыр. Бұл тұрғыда әскери саладағы ынтымақтастық, қарым-қатынастар. Қазақстанның алдына қойылған басым міндет Республиканың сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және дүние жүзіндегі жетекші державалар тарапынан кепілдіктер алу болды. Бұл тұрғыда ТМД шеңберіндегі әскери саладағы ынтымақтастықтың маңызы зор. Бұлай болатын себебі -ТМД КСРО Қарулы Күштерінің мұрагерлері болып табылады, яғни бұлардың қару үлгілері бірдей, ұйымдық құрылымы ортақ, тактика мен стратегияны пайымдауы біркелкі, ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі міндеттерінің ортақтығы бар.

Достастық жарғысының III тарауы әскери-саяси мәселелерге арналған. Онда мүше мемлекеттер халықаралық қауіпсіздік, қарусыздану және қару-жарақты бақылау, қарулы күштерді құру саласында мақұлдастық саясатын жүргізеді. Бұл ретте әскери бақылаушылар топтарының және бейбітшілікті сақтау жөніндегі ұжымдық күштердің көмегіне де сүйенеді деп атап көрсетілген [6, 263-276 бб]. 1992-жылы 14-ақпанда ТМД Қорғаныс министрлерінің кеңесі тағайындалды. Сол жылы 20-наурызда мына келісімдерге қол қойылды: ТМД-ның қорғаныс мәселелері жөніндегі жоғары органдарының өкілеттілігі туралы; өтпелі кезеңдегі Біріккен қарулы күштер туралы; ТМД біріккен қарулы күштері қызметінің құқықтық негіздері туралы; ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің қарулы күштерін қарумен, әскери техникамен және басқа материалдық құралдармен қамтамасыз ету, ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру принциптері туралы [7, 232-233 бб]. Әуе шабуылына қарсы (ӘШҚ) біріккен жүйесі шеңберінде "Жауынгерлік достастық-98" жаттығулары ТМД шеңберінде әскери ынтымақтастық аумағындағы басты оқиға болып саналады.

Біздің тарихи тамырлас көршіміз Ресей. Ресеймен қай салада болсын ынтымақтастықтың маңызы өте зор. Қазақстан мен Ресейдің әскери ынтымақтастығы туралы айтқанда, бұл терең талдап, зерделеуді қажет ететін мәселе. 1994-жылғы 28-наурызда Ресей мен Қазақстан арасында әскери ынтымақтастық жөніндегі шарттар мен келісімдердің алғашқысына қол қойылды. Олардың ішіндегі аса маңызды Әскери ынтымақтастық туралы шарт соңында Ресей мен Қазақстан арасында әскери мәселелер бойынша жасалған шарттар мен келісімдердің негізі болды. Атап айтқанда, әскери-техникалық ынтымақтастық туралы, Қазақстан Республикасының аумағындағы стратегиялық ядролық күштер (СЯК) туралы, 1994 жылы арнайы мүліктерді, материалдық құрал-жабдықтарды өзара алмасу, әскери мәндегі қызмет көрсету және әскери-техникалық ынтымақтастықтың осы

түрлері үшін есептесу туралы келісімдерге қол қойылды [6, 167-168 беттер]. Ресей мен Қазақстанның әскери ынтымақтастығына себепші факторлар аз емес, солардың ең бастысы - екі мемлекеттің де әскери қауіпсіздігі. Қазақстан мен Ресейдің геосаяси жағдайы мынаған саяды: Қазақстан Республикасын әскери-стратегиялық одақтасы ретінде танымайынша Ресей өзінің әскери қауіпсіздігі проблемаларын іс жөзінде қалай шеше алмайтын болса, Қазақстанның да өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тарихи сенімді одақтасы мен стратегиялық әріптесі ретінде Ресей оған дәл солай қажет. Сол себепті көрші ресеймен болатын әскери ынтымақтастықтың алдағы болашағы да зор деп айтуға толық негіз бар.

Қазақстан армиясының тағы бір жетістігі әлемнің алпауыт державалары басқаратын НАТО-мен ынтымақтастық қарым-қатынас орната алуы. Қазақстан мен НАТО-ның қарым-қатынасы НАТО-ның бұрынғы Бас хатшысы М.Вернердің 1992 жылғы қарашадағы Алматыға сапары кезінде және Президент Н.Назарбаевтың 1993-жылғы ақпандағы НАТО-ның штаб-пәтеріне жауап сапары кезінде басталды. Қазақстанның НАТО-ға толық құқықты мүше болуға ниеті жоқ. Бірақ өзінің сыртқы саясатының принциптерін негізге ала отырып, Қазақстан Батыс және Шығыс Еуропа елдерінің сондай-ақ кеңестен кейінгі республикалардың әскери-саяси ынтымақтастығын жандандыру бүкіл Еуразия кеңістігінде сенім білдіру ахуалын нығайту үшін пайдалы деп есептейді. Сонымен қатар НАТО-мен бірге бірлескен жобаларға қатыса отырып, Қазақстан ең алдымен жеке қарулы күштерінің әзірлік деңгейін көтеруді мақсат етіп отыр. Бірінші кезекте бұл әскери ынтымақтастық және оқу. НАТО мен Қазақстан арасында байланыс орнатылған уақыт ішінде 200-ден астам қазақстандық офицерлер "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасының түрлі іс-шараларына НАТО-ға мүше елдерде, сондай-ақ әріптес елдерде өткізілетін курстарға, семинарларға, жұмыс бабындағы кездесулерге қатысты. НАТО-ның әскери-оқу мекемелерінде-Римдегі (Италия) және Обераммергаудағы (Германия), мектептерде, Гармиш-Партенкирхен (Германия) қаласындағы Дж.Маршалл атындағы стратегиялық зерттеу және қорғаныс экономикасы орталығында және тағы басқаларында оқыған Қазақстан әскери қолбасшылығының көптеген өкілдері НАТО елдерінде қарулы күштерді ұйымдастырудың және олардың жұмыс істеуінің түрлі аспектілерімен танысуға мүмкіндік алды. 1995-жылдан бастап қазақстандық офицерлер БЖӘ бағдарламасының түрлі жаттығуларына байқаушылар ретінде қатысты. Қазақстан Қарулы күштері әскери академиясының курсанттары АҚШ-тың Форт-Полк әскери базасында НАТО-ның бітімгершілік оқу-жаттығуларына қатысты. 1997-1998 жж екі рет медициналық көмек көрсету жөнінде американдық-қазақстандық жаттығулар өткізілді [7, 322-323 бб.].

Мемлекеттің Қарулы Күштерін құрылуы және алдағы болашағы әскери мамандарды даярлау жүйесіне елеулі өзгерістер енгізуді талап етті. Қазақстанның қорғаныс саласының негізі қаланған күннен бастап Н.Ә.Назарбаев әскери құрылысты, ұлттық әскери ғылыми базаны құру мен оны дамыту үшін әскери мамандарды даярлаудың өзектілігіне назар аударды.

Тәуелсіздік жылдары Президент қамқорлығының арқасында елімізде көптеген әскери оқу орындары құрылды, бүгінде олар Қарулы Күштерімізді қажет кадрлармен қамтамасыз ете алады. Бұл туралы "біз жоғары интеллектуалды потенциалы бар, шет тілдерін білетін, қазіргі заманғы техникамен жұмыс істей алатын офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызметшілер легін дайындауымыз керек. Бұл үшін бізде барлық жағдай жасалған. Озық мемлекеттер тәжірибесін ескере отырып, әскери білімнің жоғарға оқу орындарынан тұратын отандық жүйесін жасай алдық", - деген болатын армия генералы М.Алтынбаев [8, 2-3 бб.].

Қазіргі күнге дейін өзінің ұзақ тарихымен әскери кадрларды даярлау саласында қажырлы еңбек етіп келе жатқан Қазақстандық әскери ЖОО қатарына - жоғарғы офицерлік құрамды даярлайтын Ұлтық қорғаныс университеті, Құрлық әскерлерінің әскери институты, Екі мәрте Совет Одағының Батыры Т.Бигелдинов атындағы әуе қорғаныс әскери институты, Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институты, Теніз әскери институты , ҚР азаматтық жоғарғы оқу орындардағы әскери кафедралар жатады. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қамқорлығымен С.Қ.Нұрмағамбетов атындағы Жас Ұлан 1999 жылы құрылып жасұландарды жоғары әскери оқу орындарына түсуге дайындайды, Конституция мен әскери борышқа адалдық, патриотизм рухында тәрбиелейді.

Қорытындылайтын болсақ, шетелдік сарапшылардың бағалауынша, Қазақстанның Қарулы Күштері кеңестен кейінгі кеңістіктегі озық үштіктің қатарында, ал Орталық Азия аймағында біздің армия ең үздік деп танылды. Қазақстанның армиясы кез келген жағдайда Жоғарғы Бас қолбасшы қойған міндеттерді мүлтіксіз орындауға қабілетті. Қуатты әскеріміз мемлекеттің әскери қауіпсіздігіне сенімді кепіл бола алады.

Әдебиеттер

- 1) «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 11.02.1993ж. № 1094
- 2) ҚР ҚМ ресми сайты. баспасөз қызметі. - <http://www.mod.gov.kz/>
- 3) 2000 -жылы қабылданған әскери доктрина. – Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 01.02.2000ж. - № 334
- 4) Нұрсұлтан Назарбаев. Ғасырлар тоғысында. Алматы; Атамұра – 2003ж
- 5) Абай Тасболатов. Елбасы-Қарулы Күштердің негізін салушы // Егемен Қазақстан. 2013.- 29 қараша
- 6) Тайыр Мансұров. Қазақстан-Ресей қатынастары. Алматы; Атамұра – 1991-2001 ж.ж
- 7) Қасымжомарт Тоқаев. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. – Алматы; Гаухар – 2002 ж.
- 8) Абай Тасболатов. Жоғарғы бас қолбасшы – әскери қауіпсіздіктің кепілі. – Астана; Мектеп – 2011ж.

References

- 1) " Kazakhstan Respublikasynyn Askeri doktrinasyn bekitu turaly " Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin Zharlygy. 11.02.1993zh . № 1094

- 2) KR KM resmi saity. baspasoz kyzmeti . - <http://www.mod.gov.kz/>
- 3) 2000 zhyly qabyldangan Askeri doctrina . - Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin Zharlygy . 01.02.2000zh. № 334
- 4) Nursultan Nazarbayev. Gasyrlar togysynda. Almaty; Atamura - 2003zh
- 5) Abai Tasbolatov. Elbasy - Karuly Kushterdin negizin salushy // Egemen Kazakstan. 2013. - 29 karasha
- 6) Tayyr Mansurov. Kazakhstan - Resey katynastary. Almaty; Atamura - 1991-2001 zh.zh
- 7) Kasymzhomart Tokaev. Kazakhstan Respublikasynyn diplomatiyasy.-Almaty; Gauhar - 2002 zh .
- 8) Abai Tasbolatov. Zhogargy bas kolbasshy - askeri kauipsizdiktin kepili . - Astana; Mektep - 2011zh .